

Мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласындағы ынтымақтастық туралы мемлекетаралық кеңес құру жөніндегі келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 наурыздағы N 398 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2679 U952679_ заң күші бар Жарлығының 16-бабы 1-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 4 маусымда Минск қаласында жасасқан Мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласындағы ынтымақтастық туралы мемлекетаралық кеңес құру жөніндегі келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Неофициальный перевод

Мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласында ынтымақтастық жөніндегі Мемлекетаралық кеңес құру туралы КЕЛІСІМ

Р е с м и

б е к і т і л г е н

мәтін

Мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласында ынтымақтастық жөніндегі Мемлекетаралық кеңес құру туралы КЕЛІСІМ

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттер үкіметтері атынан (бұдан әрі - Тараптар), Тараптар аумақтарында өндірілетін баспа өнімдерін кең әрі еркін алмасу және тарату үшін жағдайлар туғызу қажеттігін ескере отырып,

Ақпарат саласындағы ынтымақтастық туралы 1992 жылғы 9 қазандағы Келісімді және кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласындағы 2004 жылғы 16 сәуірдегі Келісімді негізге ала отырып,

ТМД үкіметтері басшылары кеңесінің 1996 жылғы 18 қазандағы Шешімімен бекітілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының ақпараттық кеңістігін қалыптастыру тұжырымдамасын қаперге ала отырып, төмендегідей келісімге келді:

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.05.2013 № 519 қаулысымен.

1-бап

Тараптар мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласында ынтымақтастық жөніндегі Мемлекетаралық кеңес (бұдан әрі - Кеңес) құрады.

2-бап

Кеңес өз қызметін осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Ереже негізінде жүзеге асырады.

2.1-бап

Осы Келісім Келісімге қатысушы мемлекеттер қатысатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын олардың әрқайсысының құқықтары мен міндеттерін қ о з ғ а м а й д ы .

Ескерту. Келісім 2.1-баппен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 28.05.2013 № 519 қаулысымен.

3-бап

Осы Келісім оның мақсаттары мен қағидаларын жақтайтын басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық және бұл барлық тараптардың өзара келісімімен осындай қосылу туралы құжаттарды депозитарийге беру жолымен жүзеге асырылады. Депозитарийдің осындай қосылуға келісім туралы соңғы хабарды алған күнінен бастап аталмыш қосылу өз күшіне енген болып есептеледі.

4-бап

Келісім қол қойылған күннен бастап, ал заңдары оның күшіне енуі үшін ішкі мемлекеттік іс- жосықты орындауды қажет ететін мемлекеттер үшін қажетті құжаттарды депозитарийге тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

5-бап

Осы Келісім ол күшіне енген күннен бастап 5 жыл бойы жұмыс істейді. Бұл мерзім өткеннен кейін осы келісім, егер Тараптар басқа шешім қабылдаса, әр кезде өзінен-өзі тағы да осы мерзімге ұзартылады.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.05.2013 № 519 қаулысымен.

6-бап

Осы Келісімге Тараптардың ортақ келісімімен хаттамамен рәсімделетін өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

7-бап

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнен шыққысы келсе, бұл туралы депозитарийге шығатын уақыттан кемінде 6 ай бұрын жазбаша хабарлама жібере отырып шыға алады.

1999 жылғы 4 маусымда түпнұсқалық бір данада орыс тілінде жасалды.

Түпнұсқалық дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетінде сақталады, ал ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның бекітілген көшірмесін жібереді.

Әзірбайжан Республикасы

Молдова Республикасы

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Армения Республикасы

Ресей Федерациясы

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Беларусь Республикасы

Тәжікстан Республикасы

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Грузия Үкіметі үшін

Түркменстан Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасы

Өзбекстан Республикасы

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасы

Украина Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Минск - 04.06.99.

Мерзімді баспасөз, кітап шығару,
кітап тарату және полиграфия
саласында ынтымақтастық
жөніндегі Мемлекетаралық кеңес
құру туралы келісімге
қосымша

**Мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату, және полиграфия
саласында ынтымақтастық жөніндегі Мемлекетаралық кеңес туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

1. Мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласында ынтымақтастық жөніндегі Мемлекетаралық кеңес (әрі қарай - Кеңес) Мерзімді баспасөз , кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласында ынтымақтастық жөніндегі

Мемлекетаралық кеңес құру туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығын одан әрі дамыту және тереңдету мақсатында құрылады.

2. Кеңес өз қызметінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жарғысын, ТМД шеңберінде қабылданған шарттар мен шешімдерді және осы Ережені басшылыққа алады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.05.2013 № 519 қаулысымен.

3. Кеңес Үкіметтер басшыларының кеңесіне, Сыртқы істер министрлерінің кеңесіне, ТМД Экономикалық кеңесіне, сондай-ақ Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Тұрақты өкілетті өкілдерінің кеңесіне және ТМД Экономикалық кеңесі жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссияға есеп береді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.05.2013 № 519 қаулысымен.

II. Кеңес қызметінің негізгі бағыттары және оның міндеттері

1. Кеңес қызметінің негізгі бағыттары: мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласында өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту;

мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласында қабылданған мемлекетаралық және үкіметаралық шешімдердің іске асырылуына қолдау көрсету.

2. Кеңестің негізгі міндеттері:

Кеңеске қатысушы мемлекеттердің мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия мәселелері туралы мемлекетаралық ақпарат алмасуларын жүзеге асыру, өзара мүдделерді көздейтін проблемалар туралы ақпараттық база құру;

мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласында жүзеге асырылатын Кеңеске қатысушы мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынастарды нормативтік-құқықтық реттеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу және оларды белгіленген тәртіпте Мемлекеттер басшылары кеңесінің және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері үкімет басшылары кеңесінің қарауына ұсыну;

Кеңеске қатысушы мемлекеттердің мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласындағы ұлттық заңдарын жақындастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия мәселелерінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы органдарымен, Кеңеске қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен, шаруашылық субъектілерімен бірлескен іс-қимыл жүргізу;

мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласында жүзеге асырылатын Кеңеске қатысушы мемлекеттер ынтымақтастығын дамыту жөніндегі бірлескен бағдарламалар мен шараларды әзірлеу және іске асыру.

III. Кеңестің құқықтары

Кеңес өз міндеттерін орындау үшін:

белгіленген тәртіп бойынша Кеңеске қатысушы мемлекеттердің министрліктері мен ведомстволарынан Кеңеске жүктелген міндеттерді орындауға қажетті ақпараттар, сондай-ақ Кеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпараттар сұрауға;

белгіленген тәртіп бойынша мемлекетаралық жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру көлемдері мен көздері бойынша ұсыныстарды қоса алғанда Кеңес әзірлеген құжаттар жобаларын Достастық елдері органдарының қарауына ұсынуға;

Кеңес алдында тұрған міндеттерді орындау үшін белгіленген тәртіппен жұмыс т о п т а р ы н қ ұ р у ғ а ;

Кеңеске қатысушы мемлекеттердің мүдделі өкілдерінің қатысуымен орындалуы екі және одан да көп мемлекеттердің мүддесіне қатысты мерзімді баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия саласында жүзеге асырылатын Кеңеске қатысушы мемлекеттер ынтымақтастығын дамыту бағдарламаларын сараптауды ұйымдастыруға; өзінің құзырына кіретін басқа да мәселелерді шешуге құқылы.

Ескерту. III-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.05.2013 № 519 қаулысымен.

IV. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру

1. Кеңес Келісімге қол қойған ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия жөніндегі мемлекеттік органдары басшыларының қатарынан құрылады. Әрбір мемлекет Кеңесте бір дауысқа ие. Кеңестің барлық мүшелерінің келісімімен оның жұмысына ТМД-ға қатысушы болып табылмайтын мемлекеттердің өкілдері бақылаушы ретінде қатыса алады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.05.2013 № 519 қаулысымен.

2. Кеңестің құрамына кеңес беруші дауыс құқығымен Кеңес хатшылығының басшысы және ТМД Атқарушы комитетінің өкілі кіреді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.05.2013 № 519 қаулысымен.

3. Кеңесте төрағалық етуді осы Келісімге қатысушы мемлекеттер атауларының орыс әліпбиіндегі тәртібімен Тараптардың әрқайсысының атынан олардың өкілдері кезек-кезек, әдетте, бір жыл бойы жүзеге асырады. Кеңестің бұрынғы және келесі төрағалары оның тең төрағалары болып табылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.05.2013 № 519 қаулысымен.

4. Кеңес төрағасы:
Кеңестің жұмысын ұйымдастырады;

Кеңестің мәжілістерін өткізеді және ол қабылдаған құжаттарға қол қояды, оны Достастық органдарында және басқа да халықаралық ұйымдарда таныстырады.

5. Кеңестің мәжілістері жылына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңестің кезектен тыс мәжілісін, егер Кеңес мүшелерінің кемінде үшеуі оны өткізу жөнінде бастама көтерген және бұл туралы кезектен тыс мәжілісті өткізу көзделген күннен бір ай бұрын Кеңес төрағасына жазбаша хабарлаған жағдайда, Кеңес төрағасы шақырады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.05.2013 № 519 қаулысымен.

6. Кеңес мәжілістері, егер оларда Кеңес мүшелерінің жартысынан артық бөлігі немесе олардың өкілетті өкілдері қатысса, заңды болып табылады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.05.2013 № 519 қаулысымен.

7. Шешімдер Кеңес мүшелерінің немесе олардың өкілетті өкілдерінің консенсусы негізінде қабылданады.

Іс-жосықтық мәселелер туралы шешімдер Кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

Кеңестің кез келген мүшесі өзінің белгілі бір немесе басқа мәселеге мүдделі еместігі жайында мәлімдей алады, бірақ бұл шешімді қабылдау жолындағы бөгет деп қаралмауы тиіс. Шешіммен келіспеген Кеңес мүшелері Кеңес мәжілісі хаттамасына енгізілетін ерекше пікір білдіре алады.

8. Кеңес шешімдері ұсыныстық сипатта болады.

9. Кеңестің кезекті мәжілісінің өтетін күні, орны және күн тәртібі оның алдындағы мәжілісте бекітіледі.

10. Кеңестің жұмыс тәртібін оның өзі бекітеді.

11. Кезекті мәжілістің материалдары Кеңес мүшелеріне ол өткізілетін күннен кемінде 30 күн бұрын жіберіледі.

12. Кеңес мәжілісінің қорытындылары хаттамалармен рәсімделеді, оларға Кеңес төрағасы қол қояды және олар Кеңес мүшелеріне, ал қажет болған жағдайда - Достастық органдарына жіберіледі.

13. Кеңес хатшылығының функциялары ТМД Атқарушы комитетінің тиісті құрылымдық бөлімшесімен бірге Кеңеске төрағалық ететін осы Келісімге қатысушы мемлекеттің баспасөз, кітап шығару, кітап тарату және полиграфия жөніндегі мемлекеттік органына жүктеледі.

Кеңес хатшылығының функциялары жүктелген органның өкілі Кеңес хатшылығының басшысы болып, ал ТМД Атқарушы комитетінің өкілі хатшылық басшысының орынбасары болып табылады.

Тараптар Кеңеске және оның хатшылығына олардың функцияларын атқаруда қажетті жәрдем көрсетеді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.05.2013 № 519 қаулысымен.

14. Кеңес ТМД Атқарушы комитетімен оның өкілеттіктері шеңберінде бірлескен іс-қимыл жүргізеді.

V. Қаржыландыру

Кеңес отырыстарын өткізуді қаржыландыруға байланысты тиісті шығыстар қабылдайтын Келісімге қатысушы мемлекеттің мемлекеттік билік органдарының есебінен жүзеге асырылады. Кеңес мүшелері мен отырысқа қатысушылардың іссапар шығыстарын Келісімге қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік билігінің тиісті жіберуші органдары жүзеге асырады.

Ескерту. V-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.05.2013 № 519 қаулысымен.

VI. Қорытынды ережелер

1. Кеңестің жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.
2. Кеңесті тарату туралы шешімді Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтері басшыларының кеңесі қабылдайды.

Минск - 04.06.99